



**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АРАЛ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК**

1959ж.

- ▶ Арал көпсалалы колледжі 1959 жылы 23 желтоқсанда Арал ауданы Сульфат поселкесінде №169 селолық кәсіптік-техникалық училище болып ұйымдастырылды. Училище ауылшаруашылығы мамандарын дайындау үшін құрылған.

Алғашқы жылдарда ауданның мал шаруашылығына тракторист, кіші мал дәрігері, шопан - механизатор кадрларын дайындаумен айналысқан. Училище құрылған жылдары Ресейдің Чуваш, Башқұрт автономиялық республикаларынан көп жастар оқуға келген. Шет аймақтан келгендер бітірген соң, Қазақстанның тың өлкесіне жолдамамен жіберіліп отырған. Арал аудандық кеңесінің шешімімен училище 1973 жылғы 17мамырдағы №153қарарына сай Арал қаласына көшірілді. 70-80жылдары Сексеуіл, Абай, Тоқабай, Шижаға ауылдарында училищенің

- ▶ 2 филиалдары жұмыс істеді.

1984 ж.

- ▶ Қызылорда облыстық кәсіптік техникалық білім басқармасының 23.08.1984жылғы №272бұйрығына сәйкес, училище №1 борта кәсіптік-техникалық училищесі болып қайта құрылды.

Оқу-тәрбие және өндірістік жұмыстарда жеткен табыстары үшін 1989 жылы №16 Арал орта экспериментальды-тірек училищесі болып аталды. Осы уақыттар ішінде училищеде 6000-нан астаммаман жұмысшы кадрлар білім алып тәрбиеленіп шықты. Олардың көпшілігі механизатор, мал маманы болып жұмыс атқарса, бірсыпырасы әртүрлі басшы қызметтерде жұмыс істеген.

Училищенің оқу-өндірістік базасы ғылыми-техникалық прогресс талаптарына сай жабдықтылып нығая түскен. Жыл сайын училищеде жеті мамандық бойынша 700-ден астам жастар орта біліммен қоса қалаған мамандық алып тәрбиеленсе, 300-дей жас жігіттер мен қыздар халық шаруашылықтарына жұмысқа орналасқан. Ауыл шаруашылығына маман кадрлар дайындаудағы жетістіктері үшін облыс бойынша бірінші рет экспериментальды-тірек деген атақ берілді. Оқу үдерісі 5күндік оқу жүйесіне көшірілді.

1993 ж.

- ▶ Арал ауданы әкімінің шешімімен 1993 жылғы 12 мамырдағы №136 бұйрығына сәйкес, ауыл шаруашылығына жоғары дәрежелі мамандар даярлау ісін жақсарту мақсатында училище №16 Арал жоғары кәсіптік-техникалық лицейі дәрежесін алды.

Өндірістік табыс табумен қатар, осы жылдары Қызылорда қаласындағы Ауыл шаруашылығын мамандарын даярлайтын институтымен келісім-шартқа отырылып, жақсы оқыған түлектерді мамандығы бойынша 3-курсқа оқуға қабылдады. Бітіруші түлектерден мемлекеттік емтиханды институттың оқытушылары, меңгерушілері, профессорлары қабылдап біліктілік туралы диплом берді. Өндірістік табыс табумен қатар, осы жылдары Қызылорда қаласындағы Ауыл шаруашылығын мамандарын даярлайтын институтымен келісім-шартқа отырылып, жақсы оқыған түлектерді мамандығы бойынша 3-курсқа оқуға қабылдады. Бітіруші түлектерден мемлекеттік емтиханды институттың оқытушылары, меңгерушілері, профессорлары қабылдап біліктілік туралы диплом берді.

1998 ж.

- ▶ 1998 жылы елімізде болып жатқан экономикалық реформа талаптарына сай №2 кәсіптік - техникалық лицейі деп қайта аталды.

Осы жылдары Арал ауданы әкімінің шешімімен ауданның 9-11 сыныбын жақсы оқып, өнегелі жағымен көрінген бітірушілерді лицейге оқуға қабылдады. Осы жылдары жастарға күрделі мамандықтарға, техниканы шебер меңгеруге, кәсіпкерлікке, қаржы мамандарына, ұлттық қолөнер шеберлері мамандықтарына баулуға арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқу шеберлері аянбай еңбек етті. Сонымен қатар, аудандық мекемелердегі және жұмыспен қамту орталығынына тіркелген арнаулы кәсіби білімі жоқ жастарға заман талабына, нарық сұранысына сай мамандықтарға оқытты. Ауданның біршама жастары жұмыс жасай жүріп, кәсіби білім де алып шықты.

2002 ж.

- ▶ 2002 жылдан бастап №2 Арал кәсіптік лицейі деп аталды.

Осы жылдары Елбасының тапсырмасымен елдің экономикасын көтеру мақсатында жұмыссыз азаматтар мен жастарға арналан «Жол картасы» бағдарламасы бойынша және мемлекеттік тапсырыстың, мекемелердің, жұмыспен қамту орталығының және басқа да ұйымдар мен жеке азаматтардың келісім шарттарының негізінде, өндірістен қол үзу немесе үзбеу түрінде оқумен қамту, сонымен қатар жұмыссыз халықтың арасынан мамандарды дайындау мен қайта даярлау қарқынды жүзеге асырылды. Аудандық жұмыспен қамту орталығымен бірлесе отырып 230 маман қайта даярлау курстарында білім алса, жұмыссыз 460 азамат кәсіби білім алды. Зайдан 6 айға дейінгі қысқамерзімді және 10ай, 1ж10айлық оқу таптарында ауданның азаматтары оқып, жеке кәсіпкерліктерге, шаруа қожалықтарына жұмысқа орналасып аудан экономикасына өз үлесін қосты.

2014 ж.

- Қызылорда облысының әкімінің «Кейбір білім беру мекемелерін қайта атау туралы» 2012жылғы 7тамыздағы №527қаулы негізінде «Арал көпсалалы колледжі» мемлекеттік мекемесі болып аталды.

Облыс әкімінің 2013жылғы 30желтоқсандағы №435қаулысымен 2014 жылдың қаңтар айынан бастап «Арал көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болды. Қазақстанның ТЖКББ жүйесіне енгізілген өзгерістерге сай колледж оқытудың дуалды, модульдік-күзиреттілік, модульдік-кредиттік әдістері бойынша білім берді. 2019 жылы Аккредитеудің тәуелсіз Қазақстандық Орталығынан институционалды және барлық мамандық бойынша мамандандырылған аккредитациядан өтті. 2020 жылы 8ғимарат бойынша күрделі жөндеу жүргізілді. 2021 жылы мамандықтардың лицензиясы қайта рәсімделіп, біршама жаңа мамандықтар алынды. Оқу үдерісіне оқытудың инновациялық әдістері енгізілді. Қашықтықтан оқытуға арналған College Smart Nation платформасы іске

Колледж туралы мәлімет

- ▶ Колледждің жалпы ауданы 70 380 шаршы метр. Колледжде 8 ғимарат бар: 2 оқу корпусы, 5 шеберхана, 4 зертхана, техникалық қызмет көрсету орталығы, гараждар. Теориялық 20 оқу кабинеті, мультимедиялық - 2 кабинет, медпункт, спорт зал, акт залдары, кітапхана студенттер үшін қызмет жасайды. Корпустың әр оқу қабатында wi-fi роутер орналастырылған.

Архивтегі суреттерге үңілсек









